

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы  
Денсаулық сақтау және медицина саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімді  
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 маусым N 704

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1995 жылғы 27 желтоқсанда Иерусалимде қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы  
Денсаулық сақтау және медицина саласындағы ынтымақтастық жөніндегі  
келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің

Үкіметі арасындағы Денсаулық сақтау және медицина

саласындағы ынтымақтастық туралы

**КЕЛІСІМ**

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 84-құжат)

(1998 жылғы 24 қыркүйекте күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 70 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі (бұдан әрі  
қарай "Уағдаласушы Тараптар" ретінде аталатын)

екі ел арасында денсаулық сақтау және медицина саласындағы ынтымақтастықты  
дамытуға тілек білдіре отырып,

мынандай келісім жасасты:

**1 - б а п**

Уағдаласушы Тараптар теңдік, өзара түсіністік және өзара тиімділік негізінде  
денсаулық сақтау және медицина саласындағы ынтымақтастықты көтермелейтін  
болады. Ынтымақтастықтың арнайы салалары екі Тараптың мүдделерін ескере отырып,

өзара келісім бойынша белгіленетін болады.

## 2 - б а п

Атап айтқанда Уағдаласушы Тараптар өздерінің барлық күш-жігерлерін мыналарды дамытуға жәрдемдесуге жұмсайтын болады:

- денсаулық сақтау саласында өзара мүдделікті көздей отырып ақпарат алмасу;
- осы Келісімнің 5-бабына сәйкес Ынтымақтастық жөніндегі жоспарда белгіленгеніндей оқыту және консультациялар мақсатымен мамандар алмасу;
- екі елдің институттары мен ұйымдары арасындағы тікелей байланыстар;
- медицинаға және денсаулық сақтауға қатысы бар жаңа жабдықтар, фармацевтік өнімдер, технологиялық зерттеулер туралы ақпарат алмасу; және
- өзара келісім бойынша медицина мен денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықтың басқа да нысандары.

## 3 - б а п

Уағдаласушы Тараптар осы елдерде өткізілетін денсаулық сақтау және медицина проблемаларымен байланысты халықаралық конгрестер мен симпозиумдер жөнінде ақпарат алмасатын болады және Уағдаласушы Тараптардың біреуінің өтініші бойынша екінші Уағдаласушы Тарап осындай шараларға байланысты шығарылған тиісті материалдарды беретін болады.

## 4 - б а п

Уағдаласушы Тараптардың тиісті органдары медициналық жәрдем көрсету жөніндегі медициналық әдебиет пен фильмдер тізімін, сондай-ақ медицина саласындағы ағарту жөніндегі жазбаша көрнекі аудио және видео материалдар алмасатын болады.

## 5 - б а п

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімді орындауды Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне және Израиль Мемлекетінің денсаулық сақтау министрлігіне тапсырады.

Осы Келісімді орындау үшін министрліктер онда басқа аспектілерімен қатар қаржыландыру аспектілері де белгіленуге тиісті Ынтымақтастық туралы жоспарға қол қоятын болады.

## 6 - б а п

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдық процедураларына сәйкес мақұлдануға немесе бекітілуге тиісті. Келісім мақұлдау немесе бекіту туралы дипломатиялық ноталар алмасу жолымен күшіне енеді және беймәлім уақыт мерзіміне

күшінде қалады. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы Келісімді өзінің бұзғысы келетіні туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама

жолдау тәсілімен Келісімнің күшін жоя алады.

Мұндай жағдайда Келісім күшін жою туралы мәлімдеме алынған күннен бастап алты айдан кейін күшін жояды.

Иерусалим қаласындағы 5756 жылдың 4 Tevet сәйкес келетін 1995 жылғы 27 желтоқсанда екі түпнұсқада, әрқайсысы қазақ, орыс, ағылшын және иврит тілдерінде жасалды және барлық мәтіннің де бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының                      Израиль Мемлекетінің

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін